

Бекітемін
Қазақстан Республикасы
Ұлттық академиялық
кітапханасының Басшысы
У. Мұналбаева
« » 2020 ж.



КАРАНТИН КЕЗЕҢІНДЕ НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ УАҚЫТША ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Уақытша Ереже карантин кезеңінде оқырмандарға қызмет көрсету мақсатында, 2020 жылғы 28 тамыздағы № 50 Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қаулысы негізінде әзірленді.

1.2. ҚР ҰАК қолданушылары ақпараттық-кітапханалық қызметтерді «Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасын пайдалану ережелерінің» 1.11 бөліміне сай, Нұр-Сұлтан қаласындағы санитарлық-эпидемиялық ахуал бойынша енгізілген кітапхананың оқу залдарына келу шектеулеріне сүйене отырып алады.

1.3. Ереже ҚР ҰАК мен кітапханаға келетін қолданушылар арасындағы байланысын реттейді: тараптардың құқығы мен міндеті коронавирус инфекциясына байланысты енгізілген шектеу алынғанша сақталады

1.4. Осы ереже карантин кезеңінде қолданылады.

2. ШЕКТЕУ КЕЗЕҢІНДЕ ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

2.1. Қолданушылар оқу залы мен ҚР ҰАК қызмет көрсетуге арналған өзге де нысандарға ҚР ҰАК басшылығының бұйрығына сай белгіленген жұмыс уақытында, әлеуметтік қашықтықты қамтамасыз ету бойынша енгізілген шектеулерге сай санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап қана келуге құқылы.

2.2. Кітапханадағы оқу залына бір мезетте жобалық қуаттылықтан 50% толатындай адам келуі керек (күніне 250 адамнан артық емес), әр үстелдің арақашықтығы 2 метрден, орындықтар арасы 60 сантиметрден аспауы тиіс

2.3. Қолданушыларды кітапхана залдары мен фойесінде орналастыру қазіргі шектеулерге сай қызмет көрсетуді ұйымдастыру бойынша әлеуметтік қашықтық талаптарын қамтумен жүзеге асады.

2.4. Қолданушылардың кіруі алдын-ала жазылусыз жүзеге асырылады. Егер оқу залдарында қолданушылар саны кіргізу талаптарынан асатындай болса, кітапхана алдын ала жазуды енгізіп не бос орын пайда болмайынша қолданушыларды кіргізуді шектеуге құқылы.

2.5. Қолданушыға *nabrk.kz* кітапхана порталында алдын ала онлайн тіркеліп, қажет кітабына тапсырыс беруіне болады. Тіркеуден өтіп, әдебиетке тапсырыс берген жағдайда қолданушыға тіркелу нөмірі, зал және үстел нөмірі ұсынылады.

2.6. ҚР ҰАК қолданушыларында тыныс алу жолдарын сақтайтын жеке қорғаныш құралдары (бетперде), қолға арналған жеке қорғаныш құралдары (қолғап) болса, қолды арнайы дезинфекциялық құралдармен жуса ғана кіре алады.

2.7. ҚР ҰАК кіреберісінде температураны өлшеу процедурасы ұйымдастырылған. Жоғары температура анықталған жағдайда қолданушы кітапханаға жіберілмейді. Кітапхана ғимарат ішінде ЖРВИ (жөтел, тұмау) сырқат белгілері бар қолданушыға қызмет көрсетуді тоқтатуға құқылы.

2.8. Қолданушылар негізгі қордағы кітаптарды, ағымдағы басылымдарды, электрондық басылымдарды, Интернет ресурстар мен сервистерді, лицензиялық келісім негізінде кітапхана компьютері арқылы енгізілген лицензиялы деректер қоры мен басылымның электронды нұсқасын, сондай-ақ жеке генерациядағы электронды ресурстарды пайдалануға құқылы.

2.9. Кітапхана жұмысына 18 жасқа толған, кәмелет жасындағы пайдаланушылар жіберіледі. Қашықтықтан оқытуға байланысты мектеп пен колледждің оқушылары уақытша жіберілмейді.

2.10. Көркем әдебиет абонементі бір мезетте 2-ден аспайтын пайдаланушыны қабылдайды. Пайдаланушы Көркем әдебиет абонементі, Балалар кітапханасының абонементінен кітап алу үшін кітапхананың *nabrk.kz* сайтындағы электронды каталог арқылы алдын-ала тапсырыс беру керек.

2.11. Кітапхананы бос уақыттарда да, оқу немесе жұмыс мақсаттарында да ұзақ уақыт болуды талап ететін қызметке, оның ішінде: репетиторлық, кітапхананы оқу орны ретінде пайдалануға рұқсат етілмейді.

2.12. Шектеу кезеңінде кітапханаға келетін қолданушыларға қызмет көрсету:

- Кітапхана холлындағы арнайы таблода қолданушының аты-жөні, тапсырылған әдебиет орналасқан зал нөмірі мен үстел нөмірі жазылады,
- Деректерді алған қолданушы көрсетілген орынға бет алады,
- Кірген кезде қолданушы кітапханада болу ережесімен және ақпараттық тақталардағы бағытпен танысады,
- Күту залына 10-нан артық емес адам кіргізіледі.
- Кітапханаға кіру санитарлық шараларды сақтай отырып, оқырман билетін ұсына отырып, алдыңғы кіреберістен жүзеге асырылады.
- Келушінің медициналық немесе мата бетперде болмаған жағдайда, оны тіркеу орнынан сатып алуға болады.

3. КІТАПХАНАНЫҢ ЖҰМЫС УАҚЫТЫ

Кітапхананың жұмыс кестесі күн сайын сағат 10.00 - 18.00. Демалыс күндері – сенбі, жексенбі. Әр айдың соңғы жұма күні – тазалық күні. Барлық оқырман залдары қолданушыларға оқырман залдарын пайдалану Ережелеріне сәйкес қызмет етеді.

4. ОҚУ ЗАЛДАРЫ БОЙЫНША АҚПАРАТТАР

- Электрондық каталог залы (1 қабат фойесі). Жетекшісі – Даумова Жанар Сабешовна, жұмыс телефоны 47-26-68, 47-26-57, ұялы тел. : 8 705 527 2067
- Көркем әдебиет абонементі. (101 каб.), Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған «Қамқорлық» залы (110 каб.). Оқырмандарға алдын ала жазылу бойынша қызмет көрсетіледі тел. 47-27-06.
- Көркем әдебиет абонементі. Оқырмандарға алдын ала жазылу бойынша қызмет көрсетіледі (101 каб.), тел. 47-27-06.
- Балалар кітапханасы (115-каб.). Алдын ала жазылу бойынша балалар кітапханасының абонементі, тел. 47-27-41.
- Ғылыми зал (317 каб.), Түркітану залы (211 каб.), Жазушы Әбіш Кекілбаевтың оқу залы (324 каб.), Жетекшісі – Кусайынова Айман Есенжоловна, жұмыс тел. 47-26-53, 47-27-41, ұялы тел.: 8778 684 6671
- Жалпы оқу залы (420 каб.); Академиялық зал «Абай»(401каб.); «Ғалым» залы (416 каб.); «Құнды тарту» залы (427 каб.); «Жазушы» залы (403 каб.); «Рухани жаңғыру» залы (423каб.); Әкім Тарази залы (419 каб.); Мерзімді басылымдар залы (418 каб.); Мәдениет және өнер

оқу залы (404 каб.). Жетекшісі – Текесбаева Нурбала Нуртаевна, жұмыс тел. 47-26-62, 47-26-85, ұялы тел.: 8 777 361 2773

- Шетел әдебиеті залы (410 каб.). Жетекшісі – Салыкова Эльмира Рахимжановна, жұмыс тел. 47-26-99, ұялы тел.: 8 708 383 2090
- Электрондық ресурстарға, Интернетке қол жетімділік залы (305 каб.). Жетекшісі – Назырова Саулеш Сапабековна, жұмыс тел. 47-26-99, ұялы тел.: 8 702 999 5966
- «Жастар» коворкинг орталығы (5 қабат). Жетекшісі – Алимжан Алишер, ұялы тел.: 87083781724
- Кітап мұражайы.
- «Мырзатай Жолдасбековтің мемориалдық кітаптар жинағы» оқу залы (315 каб.). Жетекшісі – Серкебай Нурхан Армаұлы, жұмыс тел. 47-26-79, ұялы тел.: 8 705772 4812

